

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов
« ____ » _____ 2019 ж.

Пәні бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)
ТӘМҚ 4235 «Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы»

5В030300-«құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

Оқыту түрі: күндізгі
Курс: 4
Семестр: 7
Кредит саны: 2
Дәріс: 5 сағат
Семинар:
Практикалық сабақтар: 25
КООЖ: 15
КӨЖ: 45
Емтихан ауызша

Қарағанды 2019

**5B030300-«құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған ТӘМҚ
4235 «Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» пәні бойынша жұмыстық
оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

Құрастырғандар: А. Г. Еленюк, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА
қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты;

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық
қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

©Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300 «құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	4-курс, 7-семестр
3. Пән циклы	Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, 315, 308, 307 ауд.
6. Дәріс оқушы	Кафедра бастығы, з.ғ.к., доцент А.Б.Жакулин; Кафедра профессоры, з.ғ.к., А.Г.Еленюк. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу корпусының 3-қабатында орналасқан, № 314 кабинет, байланыс телефондары: 331; 377; 30-33-88
7. Сабақты жүргізетін оқытушы	Кафедра бастығы, з.ғ.к., доцент А.Б.Жакулин; Кафедра профессоры, з.ғ.к., А.Г.Еленюк. Кафедра доценті В.В.Сайдамарова Кафедра аға оқытушысы Р.С. Булатов, Кафедра аға оқытушысы Қ.Т.Бұлқанов; Кафедра оқытушысы С.С.Шарипов. Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасы ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, № 323-кабинет, телефондары: 331; 377; 30-33-88

2.2 Пререквизиттер:

Криминалистика, дактилоскопия және дактилоскопиялық зерттеулер, трасология және трасологиялық зерттеулер.

2.3. Постреквизиттер:

Өндірістік практика

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Қылмыстардың жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша ішкі істер органдарының практикалық қызметіне енетін заманауи ғылым мен техниканың қол жеткізген жетістіктерінің негізгі арнасының бірі ретінде криминалистикалық білім табылады. Ерекше түрде жүйеленген олар «Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» оқу пәнінің мазмұнын құрайды. Осы оқу пәнін оқыту ПО үшін маман-криминалистерді даярлау бойынша бакалавриат қызметінің мазмұны мен нысандарының міндеттерін ескере отырып құрылады.

«Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» пәнін оқыту барысында тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде арнайы білімдерді қолдану тұрғысындағы сұрақтар қарастырылады.

Оқу пәнін зерделеу мақсаты – курсанттарды тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде арнайы білімдерді қолдана білу бойынша іскерліктер мен дағдыларға үйрету.

Пәнді оқу барысында курсанттар тергеу әрекеттерін жүргізу процесінде іздер мен объектілерді табу, анықтау, алу және алдын ала зерттеу бойынша дағдылар мен іскерліктерді игереді.

Пәнді оқытудың ерекшелігі болып тергеу әрекеттерін жүргізу процесінде табылған іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу және қылмыстарды «ізін суытпай» ашу, сондай-ақ алынған ақпаратты келесіде болжамдар жасау мен оларды тексеру үшін жедел-тергеу қызметкерлеріне ұсыну табылады.

Курсанттар бағдарламада көрсетілген тақырыптардың теориялық ережелерін меңгеруі тиіс. Бұл кезде оқу материалымен өз бетімен жұмыс жасау маңызды рөл атқарады. Сабақтарға дайындалу барысында курсанттар дәріс конспектілері мен әдістемелік талдауда көрсетілген әдебиетті, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін зерделегені жөн.

«Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» пәнін оқытуға 2 кредит (90 сағат) бөлінген, соның ішінде аудиториялық – 45 сағат (дәріс – 5 сағат, практикалық – 25 сағат, КОӨЖ – 15 сағат) және 45 сағат курсанттың өзіндік жұмысына арналған. Білімді қорытынды бағалау нысаны – емтихан.

Бұл пәнде араларында белгілі бір байланыстар бар бес тақырып ұсынылған. Оқу материалы келесідей тәртіппен түсіндіріледі, яғни бастапқыда заттай объектілерді зерттеудің қарапайым (жалпығылыми) әдістері мен тиісті техникалық құралдар, осыдан кейін бұрынырақта алған білімнің көмегі арқылы олардың күрделі, арнайы әдістері зерделенеді. Сабақтың жоспарында бірыңғай нөмірлеу арқылы курсты зерделеудің кезектілігі, яғни: дәрістер мен практикалық сабақтар көрсетілген. Оқу-әдістемелік тәжірибе курсанттардың сабақтарға сапалы да тыңғылықты дайындалуының келесідей кескінін көрсетіп отыр.

1. Дәріс сабақтары.

Дәріс – оқытушылардың курсанттарға негізгі білімді ауызша түрде жеткізетін жоғары оқу орындарындағы маңызды оқу сабақтарының бір түрі. Дәріс оқытылатын курс туралы жүйеленген түсініктер береді және бұрынырақта оқулықтар мен оқу құралдарында көрініс таппаған және осы ғылым саласындағы бүгінгі күндегі құндылықтар мен жаңалықтарды көрсетеді.

Дәріске дайындалу өзіне келесілерді кіргізе алады:

- тиісті тақырыптың шамаланған мазмұнымен танысу;
- дәрісті тыңдау барысында назар аудару қажет болатын сұрақтарды анықтау;

- дәріс бойынша жұмыс жасауға арналған негізгі және көмекші материалдарды дайындау (дәптерлер, қаламсаптар, түсті қарындаштар, маркерлер және тағы басқалар).

Негізгі ғылыми ережелер мен фактілерді, қорытындылар мен жинақтарды таңдауға және жазуға үйрену маңызды. Конспектінің тезистік сипаты ойға қонымды болып табылады, өйткені онда тек негізгі ережелер мен оларды бекітетін аргументтердің қатары айқындалады. Жазуды жылдамдату үшін сөздерді қысқартуды, шартты белгілерді, символдарды кеңінен қолданған жөн.

Конспектіні ресімдеу бойынша ұсынымдар:

- әрбір жаңа дәріс бойынша конспект жаңа беттен басталады, онда дәріс датасы, тақырыптың атауы, мақсаты мен жоспары көрсетіледі;

- дәптер беттерінің шет жағынан кең орындар (широкие поля) қалдырған жөн, себебі өзіндік жұмыс барысында оған өз ескертулерін, толықтырулар, цитаталар, оқулықтар мен басқа да әдебиеттерден қысқаша үзінділерді жазу қажет;

- конспектіге жазулар түсінікті, жүйелі және дәрістің маңызды сәттерін бөліп көрсету арқылы жазылады. Бұл үшін түсті жарқын бояулы маркерлерді, фломастерлерді, қарындаштарды қолдануға болады.

2. Практикалық сабақтар.

Практикалық сабақтарға дайындалу барысында курсанттарға келесілер қажет:

- сабақта қарастырылатын сұрақтарға дайындалу;

- әдістемелік ұсынымдар, анықтамалық әдебиет.

Практикалық сабақтарды жүргізу барысында курсанттарға келесідей талаптар қойылады:

- қажетті дәптерлермен, қағаз парақтарымен, түрлі-түсті қаламсаптарымен (қарындаштармен) сабаққа дайын болып келу;

- сабақ барысында белсенділік таныту, тапсырмаларды ҚПК және әдістеме талаптарына сәйкес орындау.

Практикалық сабақтар екі оқытушымен полигонда және зертханаларда оқу тобын екі кішігірім топқа бөлу арқылы жүргізіледі.

Жаттығуларды орындау кезінде курсанттар тергеу әрекеттерінің хаттамаларын толтырып, ол белгіленген мерзімде тексеру үшін оқытушыға ұсынылады, табылған және алынған іздер мен объектілер буып-түйіледі.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың директивтік құжаттарын, мемлекетті билік органдарының, басқарма мен соттың құжаттарын, қылмыспен күрес жүргізу саясатын және осы кезеңдегі құқық қорғау органдарының міндеттерін айқындайтын ҚР ІІМ қолданыстағы заңнамалары мен бұйрықтарын зерделеу. Теориялық білім тәжірибемен, ішкі істер органдарының, прокуратура мен соттың жұмыс тәжірибесімен байланысты болуы тиіс. Курсант арнайы білім мен әдістерді жалпы әлеуметтік жағдайда нақты көре білуі, қоғамдық құбылыстар мен процестердің құқықтық сипатын түсіне білуі керек.

1. ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының курсанттарына осы курсты оқыту тек дәріс және практикалық сабақтармен ғана шектеліп қоймастан, сонымен қатар белгілі бір көлемде монографиялармен және басқа да қайнар көздермен өз бетімен жұмыс жасау арқылы да жалғастырылады. Әдебиеттің қайнар көздерімен жүйелі түрде жұмыс жасау теорияны терең меңгеруді, берік және жанжақты білімдер алуды, жоғары кәсіби және моральдық қасиеттерге ие болуды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта курсант қосымша әдебиеттерді оқуы және конспектілеуі тиіс. Осы курс бойынша нормативтік құжаттар мен оқу әдебиеттерін өз бетімен зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдар мен конспектілеуге жататын қайнар көздердің тізімі әрбір оқу тобына беріледі.

2. Қысқаша конспект жасау және тақырыптың әрбір сұрағы бойынша шамаланған жоспар құру. Конспектіде тек қана осы тақырыпқа қатысты зерделенетін жұмыстың ең негізгісін жазған жөн. Кез келген жұмысты зерделеуді ең алдымен мазмұннан бастаған дұрыс. Жұмыстың әрбір параграфы логикалық тұрғыда аяқталған бөлімдерге бөлінеді, ал бұл бөлімдер өз кезегінде сұрақтарға, сұрақшалар мен тұжырымдауларға бөлінеді. Осылайша, 40-50 бет көлеміндегі мәтінде 12-18 құрылымдық-логикалық бірлікті немесе тезисті бөлуге болады және келесіде оларды конспектіге шығару қажет. Жеке фраза, цитата немесе анықтама толығымен жазылуы мүмкін, яғни бұл автордың негізгі ойын айқындайды және қосымша қысқартуларды қажет етпейді. Кез келген қайнар көзді оқып-танысу немесе конспектілеу кезінде әсіресе қылмыстың ашылуына немесе іс бойынша маңызды мән-жайларды анықтауға ықпал етуші әрекеттер мен тактикалық тәсілдерді ерекше белгілеп өткен жөн. Әрбір курсант практикалық сабақтың әрбір сұрағы бойынша қысқаша жоспар құруы тиіс. 3-5 тармақтан тұратын жоспар жауап беру барысында оның құрылуының бағдарламалық кескіні ретінде қызмет етеді және ұсынылып отырған материалдың дұрыстығы мен логикалық үйлесуін бақылауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТУ.

1. Сабақты жіберіп алған курсанттар кафедрада бар дәріс қоры мен ұсынылатын әдебиетті зерделегеннен кейін оны конспектіде қалпына келтіруге міндетті; практикалық сабақты жіберіп алғандар оның орындалуы бойынша оқытушыдан кеңес алуы тиіс және кабинет бастығынан қажетті материалдарды алып тапсырманы толық орындап, оны белгіленген мерзім ішінде тексеру үшін тапсырулары қажет.

2. Ағымдағы және қорытынды сабақ үлгерімін жүргізу үшін білім мен іскерліктің межелік бақылауы өткізілуі ұйымдастырылады. Баға ағымдағы үлгерімнің нәтижелерін ескере отырып анықталады және журнал мен ведомостің жеке графасына қойылады.

3. Практикалық сабақтың тақырыбына байланысты топта келесі құжаттар мен заттар болғаны жөн:

- қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстер (ағымдағы оқу жылына шаққандағы заңнама жағдайлары бойынша);

- анықтамалықтар және процесуалдық құжаттар мен ҚР ПМ қызметтік қағаздарының үлгілері;
- жұмыс дәптерлері, сызғыштар, автоқаламдар, қарындаштар, кеңсе өшіргіштері және тағы сол сияқтылар.

2.5 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырмалардың құрамы мен мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтингке сәйкес)	Балдар (рейтингке сәйкес)	Есеп нысаны	Тапсыру мерзімдері
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық тапсырмаларға ауысша жауап	ЖОБ сәйкес (силлабус)	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	Ағымдағы бақылау (сабақтардағы жұмыспен ауысша жауап бағаланады)	100 балға дейін сабақтың барлық тақырыбы бойынша ауысша жауап	Жауап оқу және электронды журналында бағаланады	Сабақ және оқу жоспарының сабақтағы кестесіне сәйкес
2	КОӨЖ баяндама мен сөз сөйлеуге ауысша жауап	ЖОБ сәйкес (силлабус)	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттерді қолдану	Ағымдағы бақылау (КОӨЖ жұмысымен ауысша жауап бағаланады)	100 балға дейін сабақтың барлық тақырыбы бойынша ауысша жауап	Жауап оқу және электронды журналында бағаланады	Сабақ және оқу жоспарының КОӨЖ кестесіне сәйкес
3	Аралық бақылауға дайындық	Тесттік тапсырмалар	Семестр аралығында дайындық	Аралық бақылау (тесттік тапсырмалар)	100 балға дейін	Жауап Платонус ведомосінде бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Сынақтарға дайындық	Емтиханға сұрақтар	Оқудың барлық кезеңінде дайындық	Қорытынды бақылау	100 балға дейін	Жауап емтиханда бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

2.6 Курстың саясаты

«Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» пәнін зерделеу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.

2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.

3. Өтемдер қабылданбайды, магистрант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша немесе бұрын дайын болмаған тапсырмалар бойынша кез келген сұраққа жауап беруге дайын болу.

4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.

5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.

6. Оқу процесіне белсенді қатысу.

7. Курстастары мен оқытушыларға ашық болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

2.7 Ұсынылатын әдебиет тізімі

№	Атауы	Шығарылған жылы
	1. Нормативті құқықтық актілер	
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	1995 жылғы 30 тамыз. (2019 ж. 23 наурызындағы өзгертулерімен және толықтыруларымен).
2.	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	2014 жылғы 04 шілде. (2019 ж. 01-ші сәуірдегі өзгертулерімен және толықтыруларымен).
3.	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі	2014 жылғы 03 шілде. (2019 ж. 19-ші сәуірдегі өзгертулерімен және толықтыруларымен).
4.	«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» ҚР Заңы	2017 жылғы 10 ақпан. (2017 ж. 18-ші сәуірдегі өзгертулерімен және толықтыруларымен).
5.	«Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ПМ №75 ҚПҰ бұйрығы	21.07.2014 ж.
6.	«Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы.	23.04.2014 ж.
	2. Негізгі әдебиет	
7.	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
8.	Белкин Р.С. Курс советской криминалистики.	М., 1978г. Т.2.
9.	Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Оганов Н.И. Криминалистика: рекомендации к раскрытию преступлений. Учебно-практическое пособие.-	Алматы: Жеті жарғы, 2005.
10.	Ищенко, П.П. Специалист в следственных действиях: учеб. пособие	М.: Норма, 1990. – 254 с.
11.	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Қарағанда: Болашақ-Баспа, 2009.
12.	Справочная книга следователя, под редакцией Д.Т.Кенжетева,	Қарағанды, 2015 г.

13.	Хрусталеv В.Н., Трубицын Р.Ю. Участие специалиста-криминалиста в следственных действиях.	СПб.: Питер, 2003 .
14.	Участие специалиста-криминалиста в следственных действиях.	Санкт-Петербург, 2003.- 208 с. (Электронный курс лекций) на кафедре
	3. Дополнительная литература	
15.	Астапкина С.М., Дубровицкая Л.П., Плесовских Ю.Г. Участие специалиста-криминалиста в расследовании преступлений.	М., 1992.
16.	Аубакирова, А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве: Учебное пособие / А.Аубакирова; Под ред. А.Ф.Аубакирова.	Алматы, 2000.
17.	Бишманов Б.М. Эксперт и специалист в уголовном судопроизводстве.	М.: Московский психолого-социальный институт, 2003.
18.	Брушковский К.Б. Участие специалиста-криминалиста в следственных действиях: Учебное пособие	Алматы: Юрист, 2008.
19.	Гинзбург А.А., Поврезнюк Г.И., Калинин А.В., справочник следователя.	Алматы, 1998г.
20.	Дильбарханова Ж.Р. Специальные знания в расследовании транснациональных преступлений	Алматы, 2007.
21.	Коржумбаева Т.М. Использование специальных знаний при расследовании краж: Учебное пособие.	Алматы: ООНИиРИР Алматинской академии МВД Республики Казахстан, 2012.
22.	Криминалистика на службе следствия.	Вильнюс, 1967г
23.	Назначение и производство судебных экспертиз: Пособие для следователей, судей и экспертов	.М., 1988г.
24.	Плескачевский, В.М. Особенности осмотра места происшествия по преступлениям, совершенным с применением огнестрельного оружия: лекция / В.М. Плескачевский.	М.: ВНИИСЭ МВД СССР, 1982. 21 с.
25.	Поврезнюк Г.И., Брушковский К.Б. Специалист в уголовном и гражданском судопроизводстве. Учеб.-практ. Пособие / Под ред. проф. А.Ф. Аубакирова.	Алматы, 2001.
26.	Поврезнюк Г. И. История криминалистических подразделений органов внутренних дел Казахстана.	Алмата 2009г
27.	Руководство для следователей.	М., 1981г. т.1.
28.	Снетков В.А. Основы деятельности специалиста экспертно-криминалистических подразделений органов внутренних дел	М., 2001.
29.	Сырков С.М, Меженцев Г.Н. Участие специалиста в осмотре орудий взлома на местах кражи.	М.: ВНИИ МВД СССР, 1982.
30.	Шляхов А.Р. Предмет и система криминалистической экспертизы. //Труды ВНИИСЭ	М., 1971. – Вып.3.

31.	Чулков, И.А. Предварительные судебно-баллистические исследования на месте происшествия: учеб, пособие / И.А. Чулков.	Волгоград: ВЮИ МВД России, 1997г. - 97 с.
	4. Интернет-источники	
32.	adilet.zan.kz/rus	Законодательство РК
33.	www.mvd.kz	Сайт МВД РК
34.	www.web.kzi.kz	Сайт Академии МВД РК им. Б. Бейсенова

2.8 Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№ п/п	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	дәрістер	Практикалық	КӨЖ	КӨЖ
1	1	Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері	1	1	1	3
2	2	Қарап-тексеруді жүргізуге маманның қатысуы	1	12 (1+2+2+2+2+2+1)	6	18
3	3	Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу	1	3 (2+1)	3	9
4	4	Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы	1	8 (2+2+2+2)	4	12
5	5	Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуы	1	1	1	3
	БАРЛЫҒЫ — 90		5	5	25	15

2.9 Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

1 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері
Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Маманның түсінігі, оның тергеу әрекеттерін жүргізу барысына қатысу тәртібі мен жағдайлары. Маманның міндеттері мен құқықтары.
2. Жедел-тергеу тобының жұмысына маманның қатысуы.
3. Тергеу әрекеттерін жүргізудің дайындық және қорытынды сатыларында маманның қатысуы.

Дәріс тезистері

Маман (латын тілінде «specialis» – айрықша, ерекше) – бұл белгілі бір мамандық саласының жұмыскері. Осы ұғымның мазмұны адам өмірі мен қызметінің барлық салаларына тиесілі.

ҚР ҚПК 80-бабына сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне кіретін мәселелерді түсіндіру, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдану жолымен дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін. Кәметке толмаған адамның қатысуымен болатын тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын педагог та, психолог та, сол сияқты оны сарапшы етіп тағайындаған жағдайларды қоспағанда, тергеу және өзге де процестік әрекеттерге қатысатын дәрігер де мамандар болып табылады.

Маманның тергеу әрекеттерін жүргізу барысына қатысуының мақсаты болып қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алу бойынша дәлелдемелік және бағдарлаушы ақпараттарды жинауға, сондай-ақ бұл үшін тиімді тактикалық және техникалық құралдар мен әдістер жасап шығаруға көмектесу табылады.

Оқиға болған жерді қарап-тексерулерге және басқа тергеу әрекеттеріне ЖКБ қызметкерлерін дер кезінде қатыстыру үшін олардың ІМ, ІД, ІБ мен ІО-дағы жедел-тергеу топтарының құрамында кезекшілік етуі ұйымдастырылады.

Егер де оқиға туралы ақпаратта қарап-тексеруді ойдағыдай жүргізу үшін белгілі бір сала (медицина, биология, химия, физика және т.с.с.) бойынша арнайы білімі бар маманның қатысуы қажет болса, онда тергеу әрекеттеріне жедел-тергеу тобының құрамына кірмейтін мамандар да қатыса алуы мүмкін.

Маман келесідей жедел-тергеу топтары түрлерінің жұмыстарында қатыса алады:

- кезекші – қылмыс туралы хабарламаларға шұғыл әрекет етуді қамтамасыз етеді және де осы мақсатта кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері мен ізін суытпай жедел-іздістіру шараларын жүргізеді. Кезекші жедел-тергеу тобына сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам – жетекші, маман, жедел қызметкер, ал кейбір жағдайларда басқалар да кіреді;

- мақсатты (уақытша) – нақты бір қылмыстық іс бойынша қылмысты ашу және тергеп-тексеру үшін;

- мамандандырылған (ұдайы әрекет етуші) – қылмыстың нақты бір түрлері және топтарын, соның ішінде қылмыс жасаған тұлғалар анықталмаған қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру үшін;

- бірлескен топ (бригада) - ауыр қылмыстарды, соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру үшін немесе атқарылатын жұмыс көлемі үлкен қылмыстық істерді тергеп-тексеру үшін.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

2 тақырып. Қарап-тексеруді жүргізуге маманның қатысуы

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Оқиға болған жерді қарап-тексеруге маманның қатысуының ерекшеліктері.

2. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде фототүсіру мен бейнежазбаның ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Тергеп-тексеру барысында қарап-тексерудің маңызы өте зор. Қарап-тексеру барысында қылмыстың және қылмыскердің, сондай-ақ басқа да заттай дәлелдемелердің маңызды іздері табылады және зерттеледі. Қарап-тексеру нәтижелері, әсіресе мұның оқиға болған жерді қарап-тексеру түрі тергеп-тексерудің келесі бағыттарын анықтауға, тергеп-тексеріліп отырған оқиғаның механизмін, қылмыскердің жекебасын елестетуге мүмкіндіктер береді.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде маманның міндеті ретінде келесілер табылады:

қылмыстың жасалу әдісі мен қылмыскердің іс-әрекеттерін анықтау бойынша тергеушіге көмек көрсету;

тергеп-тексеріліп отырған қатысы бар іздер мен нәрселерді анықтап-табу, бекіту және алу;

іздеу ақпараттарын алу және алынған оқиға орнынан алынған объектілерге сараптамалық зерттеу жүргізу үшін олардың жарамдылығы жөніндегі сұрақтарды шешу бойынша қылмыскерлерден қалуы мүмкін іздерді, нәрселерді, материалдарды, заттарды алдын ала зерттеу;

ізін суытпай іздеу жүргізуде қолдану үшін, арнайы білімнің көмегі арқылы алынған қылмыскердің белгілері, дағдылары және басқа да оның жекебасын сипаттайтын мағлұматтар туралы мәліметтерді бағдарламаға кіргізу;

Қылмыстарды тергеп-тексеруге бағытталған болжамдарды жасау мақсатында қарап-тексеру нәтижелерін қорытындылау барысына қатысу.

Сот фотографиясында түсірудің төрт тәсілі жасап шығарылған: бағдарламалық, шолулық, тораптық, егжей-тегжейлі. Бұл оқиға болған жердің барлық картинасын жалпы жанжақты айқындайтын және белгілі бір логикалық тізбектілікпен түсірілген фототүсірілімдерді алуға мүмкіндік береді.

Фототүсіруді жүзеге асырғанда тергеу әрекетін жүргізу барысында түсірілім жүргізілетін бағыттардың жиынтығы, фотокамераның орналасу биіктігі, қашықтығын көрсететін тәсілдер қолданылады. Оларды орын алған (болып жатқан) оқиғаның сипатын, жергілікті орынның рельефін, бөлменің конфигурациясын, тергеу әрекеті жүргізіліп жатқан жердегі ахуал мен басқа да факторларды ескере отырып таңдайды.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

3 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Алдын ала зерттеудің түсінігі, мәні, объектілері мен жүргізу әдістемесі.
2. Алдын ала зерттеудің әдістері мен құралдары.
3. Алдын ала зерттеу нәтижелерін рәсімдеу және қолдану.

Дәріс тезистері

Оқиға болған жерді қарап-тексеру, тінту, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау барысында табылған іздер, сондай-ақ тергеу әрекеті кезінде алынатын басқа да объектілер жасалған қылмыс, оның механизмі және оны жасаған адам туралы ақпараттың едәуір үлкен көлемін көрсетеді. Алайда мұндай ақпараттар көбінесе латенттік (жасырын) сипатта болып келеді және келесіде анықтау мен баға беру үшін осы іздер мен объектілерге зерттеу жүргізеді талап етеді.

Әдетте, мұндай ақпарат зерттеу жүргізгеннен кейін және сараптама шеңберінде айқындалады. Сонымен қатар, қылмыстарды тергеп-тексеру тәжірибесі бұл процестің болжам құру және оны тексеру бойынша бастапқы ақпараттың алдын ала зерттеудің көмегі арқылы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу барысында алынатынын көрсетіп отыр. Алынған ақпарат қылмыскерлерді ізін суытпай іздеуге, криминалдық әрекеттің жасалу механизмін анықтауға және қылмысты ашу және тергеп-тексеру бойынша басқа да шараларды қабылдауға, қылмыскерді анықтауға мүмкіндік береді.

Маман іздер бойынша олардың қылмыс оқиғасына қатыстылығы туралы сұрақтарды шешу мақсатында оқиға болған жерде (өзінің біліктілігі бойынша) іздерге алдын ала зерттеу жүргізеді. Алдын ала зерттеудің нәтижелері оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізіп жатқан адамға және құқық қорғау органының жедел қызметкеріне мәлімделеді.

Алдын ала зерттеу жүргізу кезінде зерттелетін объектінің зақымдалуына немесе бұзылуына, белгілері мен қасиеттерінің жоғалуына әкеп соқтырмайтын әдістерді (бақылау, өлшеу, есептеу, сипаттау, салыстыру, эксперимент, модельдеу) қолдануға жол беріледі.

Алдын ала зерттеудің нәтижелері тергеу әрекетіне қатысушыларға ауызша жарияланады, себебі маман іздер және басқа да объектілермен өзі жүргізетін барлық манипуляциялар жөнінде түсіндірме беруге міндетті. Бірақ, осы нәтижелердің тергеп-тексерудің келесі барысы үшін маңызы бар болғандықтан, оларды анықтама толтырумен аяқтауға болады. Бұл процестік құжат болып табылмайды. Анықтамада маманның іс-әрекеті, оның қолданған әдістері мен алынған нәтижелер қысқаша көрсетіледі. Аталмыш анықтамалар жоғары тұрған ПО мен ПМ-не жолданады. Сондай-ақ, оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында автоматтандырылған іздей жүйесі арқылы алынған ақпаратты тексеру нәтижелері де анықтамамен рәсімделеді. Мысалы, «Папилон» АДАЖ, «Портрет-сигнал» ААІЖ, «Трасология» ААІЖ арқылы тексеру нәтижелері анықтамамен рәсімделеді.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

4 тақырып. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Жекелеген тергеу әрекеттерінің түсінігі, мәні, түрлері мен міндеттері.

2. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізуге маманның қатысуының ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Әдетте, тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маман ретінде жедел-криминалистикалық бөлінісдердің қызметкерлері қатыстырылады. Сонымен қатар, тергеу әрекетінің ерекшеліктерін ескере отырып, ізделетін және алынатын объектілер мен нәрселер бойынша тергеушіге белгілі бір саланың мамандары көмек көрсете алады. Мәселен, тінту және алу жүргізуде, мәйітті немесе оның бөліктерін іздеу кезінде сот медициналық қызметкерді қатыстырған жөн. Зорлау істері бойынша қанның, ұрықтың іздерін табу және алуда маман-биологтың көмегі орасан зор. Уландырып өлтіру туралы болжам бойынша маман-фармацевттың немесе токсикологтың көмегін пайдаланған жөн, себебі олар уландыруда пайдаланылған дәрі-дәрмектерді, оларды алу бойынша рецептілерді анықтауы мүмкін, сондай-ақ уландырушы заттарды және олардың қалдықтарын алу бойынша кеңестер береді және алу жүргізуге көмектеседі (мысалы, ыдыстарда қалдырылған уландыру заттарын анықтау және алу). Бухгалтерлік құжаттарды, есеп құжаттарын және тағы басқаларды алу кезінде тиісті мамандар қатыстырыла алады.

Нәрселерді іздеу бойынша да тиісті мамандар қатыстырылады, мысалы, су қоймаларының түбіне тасталған құралдарды іздеу; технологиялық процестер бойынша білімдер қажет болатын қандай да бір өндірістік кәсіпорындарда тінту жүргізу.

Тергеу әрекетін жүргізу барысында дыбыс-бейнежазбалар, фототүсірулер қолданылуы мүмкін. Бекіту жұмыстарын негізінде маман жүзеге асырады. Осындай әдіспен бекітілген тану үшін көрсету – нақты қандай объектілер көрсетілгені, олардың бір-бірлеріне ұқсас немесе біртекті болған-болмағандығы, танылатын объект басқа да объектілердің расында ерекшеліп тұрған-тұрмағандығы бойынша қандай да күмәннің туындамауына мүмкіндік береді.

Тергеу әрекетін сапалы және толық бекіту үшін маман тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасымен қатар дыбыс-бейнежазба, фототүсіруді қолданудың тактикасы мен әдістемесін де білулері тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

5 тақырып. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуы

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін алынатын үлгілердің түсінігі, мәні және түрлері.

2. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуының ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Зерттеу немесе сараптама сол бойынша қажет болатын барлық материалдар жиналғаннан кейін бірден жүргізіледі. Қарсы жағдайларда, кейбір объектілердің бұзылуы немесе жойылып кетуі, олардың дәлелдемелік маңызының төмендеуі не жоғалуы, іс бойынша тергеп-тексеру мерзімдерінің созбалаңға салынуы мүмкін. Сондықтан де алдын ала жоспарланған, яғни дайындық және тағайындау бойынша әрекеттер жалпы тергеп-тексеру жоспарына кіргізілетін зерттеулер мен сот сараптамалары өз кезегінде нәтижелі болып келеді.

Зерттеу және сараптама жүргізуге дайындық өзіне салыстырмалы зерттеулер жүргізу үшін үлгілер алуды кіргізеді. Бұл объектілердің дербес түрі, яғни оларды іріктеу зерттеудің тегі мен түрлеріне, шешу үшін қойылатын сұрақтардың сипатына байланысты болады. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алудың тактикалық шарттарының бірі ретінде (тергеулік ситуация тұрғысынан алғанда, зерттеудің мақсаттары мен объектілердің жағдайлары) оларды алу сәтін анықтау табылады. Алынатын және зерттеуге жолданатын үлгілер қажетті сапада, жеткілікті мөлшерде және олардың шығу тегі шынайы болуы тиіс.

Күдіктілерге сараптама тағайындаған субъектіге салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін қажет болатын үлгілерді алу мүмкіндігін ұсыну міндеттілігі жатады, яғни әдетте мұндай үлгілерге саусақ және табан іздерінің таңбалары, тістердің қалыптары, шаш, қан, сілекей, қолжазба, дауыс фонограммасының үлгілері жатқызылады. Кейбір ерекше жағдайларда үлгілер мәжбүрлі түрде алынуы мүмкін (аталмыш адамнан үлгілер алу оның денсаулығына қауіпсіз екендігі туралы дәрігердің анықтамасы талап етіледі). Алайда мұндай жағдайларда адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын немесе оның денсаулығына қауіп төндіретін іс-әрекеттерге жол бермеу тұрғысындағы жалпы ережелердің сақталуы маңызды болып табылады. Үлгілерді мәжбүрлі түрде алу жүзеге асырылмас бұрын, сол адамға үлгілерді өз еркімен беруіне көзін жеткізу арқылы тырысып көрген дұрыс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

Практикалық сабақтар

1 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері
1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қылмыстық-процестік заңнамада арнайы білімдерді қолдану регламентациясы.
2. Маманның түсінігі, оның құқықтары мен міндеттері.
3. Тергеу әрекетін жүргізудің дайындық кезеңінде маман-криминалистің рөлі.
4. Тергеу әрекетінің жұмыс кезеңінде қолданылатын іздерді табу, бекіту және алудың техника-криминалистикалық құралдары.
5. Маманның тергеу әрекетінің қорытынды кезеңіндегі рөлі.

Практикалық тапсырма

Курсанттар сабақта сұрақтарды қарастырғаннан соң, сабақтың тақырыбы бойынша бақылау-үйрету бағдарламаларын шешеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

2 тақырып. Қарап-тексеруді жүргізуге маманның қатысуы
1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Ұрлық істері бойынша қарап-тексеру жүргізудің типтік объектілері.
2. Бөлмеге ену арқылы жасалатын ұрлық кезінде пайда болатын із картинасы.
3. Еркін ену арқылы жасалатын ұрлық кезінде пайда болатын із картинасы.
4. Ұрлық істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің тәртібі.

Практикалық тапсырма

Сабақ барысында курсанттар еркін ену және тұрғын үй-жайға кірумен байланысты ұрлық істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруге маманның қатысуы бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді, электрондық оқу-әдістемелік кешенді қолдануы қажет.

2 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Оқиға болған жерді қарап-тексеру жағдайында сындыру(бұзу) құралдарын табу, бекіту және алудың әдістері.
2. Бекіту құрылғыларын қарап-тексерудің тәртібі.

3. Нашар көрінетін және көрінбейтін қол іздерін әртүрлі құралдардың көмегімен табу, бекіту және алудың әдістері.

4. Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасында қол іздерін сипаттаудың тәртібі.

Практикалық тапсырма

Сабақ барысында курсанттар қол іздерін, сындыру құралдарының іздерін, бекіту құрылғыларын табу, бекіту, алу, қарап-тексеру және сипаттау бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді, электрондық оқу-әдістемелік кешенді қолдануы қажет.

3 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Адам өлтіру және зорлау істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің типтік объектілері.

2. Адам өлтіру қылмысын жасау кезінде пайда болатын із картинасы.

3. зорлау қылмысын жасау кезінде пайда болатын із картинасы.

4. Адам өлтіру және зорлау істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің тәртібі.

Практикалық тапсырма

Сабақ барысында курсанттар адам өлтіру және зорлау істері туралы оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында із картинасын зерделеу бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді, электрондық оқу-әдістемелік кешенді қолдануы қажет.

4 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зорлау қылмысы болған жерді қарап-тексерудің тәртібі.

2. Шығу тегі биологиялық іздерді табу, бекіту, алудың әдістері мен құралдары.

3. Шығу тегі биологиялық іздерді қарап-тексеру хаттамасында сипаттап жазу.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар зорлау қылмысының орнын қарап-тексеру, шығу тегі биологиялық іздерді табу, бекіту, алу және сипаттау бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

5 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Жүргізуші оқиға орнынан жасырынған жағдайларда ЖКО орнын қарап-тексерудің ерекшеліктері.
2. Көлік құралын қарап-тексерудің тәртібі.
3. Жол-көлік оқиғасы орнын қарап-тексерудің нәтижелерін бекіту.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар көлік құралдарын қарап-тексеру және жол-көлік оқиғасы болған жерді қарап-тексеру нәтижелерін бекітудің практикалық дағдыларына үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

6 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Есірткі заттар, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді типтік объектілері (жеке тұлғаның үй-жайы, мемлекеттік мекеме, көлік құралы, егіс, аула-бақша телімдері және т.б.).

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар есірткі заттар, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің практикалық дағдыларына үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

7 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Есірткі заттарды заңсыз сатып алу, сақтау, дайындау немесе сату туралы істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің тәртібі.
2. Құрамында есірткі заттар бар өңдеуге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егумен байланысты істер бойынша қарап-тексеруді жүргізу тәртібі.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар есірткі заттар, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің практикалық дағдыларына үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

3 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу

1 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Алдын ала зерттеудің объектілері.
2. Алдын ала зерттеудің әдістері мен құралдары.
3. Алдын ала зерттеудің әдістемесі.
4. Іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу процесінде алынған нәтижелерді рәсімдеу.
5. Дактилоскопиялық және трасологиялық іздерді алдын ала зерттеу.
6. Киімнің, аяқкиімнің, сындыру құралдарының іздерін алдын ала зерттеу.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар алдын ала зерттеудің әдістемелері бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

2 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Шығу тегі биологиялық іздер мен микрообъектілерді алдын ала зерттеу.
2. Құжаттар мен ақша белгілерін алдын ала зерттеу.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар шығу тегі биологиялық іздерді, микрообъектілерді, құжаттар мен ақша белгілерін алдын ала зерттеу бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

4 тақырып. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы

1 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тінтудің дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
2. Тінтудің жұмыс және қорытынды кезеңдерінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар тінту барысында іздестіру шараларын жүргізуге дайындық және оларды жүргізу бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

2 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тергеу экспериментінің түрлері мен міндеттері.
2. Тергеу экспериментінің дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
3. Тергеу экспериментінің жұмыс кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
4. Тергеу экспериментінің қорытынды кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар тергеу экспериментін жүргізуді бекіту бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

3 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі мен міндеттері.
2. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
3. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың жұмыс кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
4. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың қорытынды кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауды бекіту бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

4 практикалық сабақтың жоспары (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тану үшін көрсету кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
2. Тану үшін көрсетудің барысы мен нәтижелерін бекітудің ерекшеліктері.
3. Тану үшін көрсетудің барысын бекіту кезінде қолданылатын техникалық құралдар мен тәсілдер.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар тану үшін көрсетуді бекіту бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі (3.7 бөлімді қараңыз).

5 тақырып. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуы

1 практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Гомеоскопиялық және механоскопиялық үлгілерді іріктеу кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

2. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алудың нәтижелерін рәсімдеу.

Практикалық тапсырма:

Сабақ барысында курсанттар гомеоскопиялық және механоскопиялық үлгілерді алу және салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу бойынша практикалық дағдыларға үйренеді.

Практикалық сабаққа дайындалу барысында курсанттар дәріс сабағының конспектісін, ұсынылатын әдебиетті, нормативтік құқықтық актілерді қолдануы қажет.

Курсанттың оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы

1 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері КОӨЖ (1 сағат)

Тапсырма

Тергеу әрекеттерін жүргізу процесі барысына маманның қатысуының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы негізгі теориялық ережелерді зерделеу.

Сабақ ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар маманның қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы теориялық білімдер алуы тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

2 тақырып. Қарап-тексеруді жүргізуге маманның қатысуы

1 - КОӨЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, еркін ену және тұрғын үй-жайға кірумен байланысты ұрлық істері бойынша оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізудің практикалық дағдыларын үйрену.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; еркін ену және тұрғын үй-жайға кіру арқылы жасалатын ұрлық істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

2 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, бұзу(сындыру) арқылы жасалатын ұрлық істері бойынша оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізудің практикалық дағдыларын үйрену.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; бұзу (сындыру) арқылы жасалатын ұрлық істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

3 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, адам өлтіру және зорлау істері бойынша оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізудің практикалық дағдыларын үйрену.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; адам өлтіру және зорлау істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

4 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, зорлау орын алған жерге жерге қарап-тексеру жүргізудің, шығу тегі биологиялық іздерді табу, бекіту, алудың практикалық дағдыларын үйрену.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; зорлау істері бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

5 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, жол-көлік оқиғалары жөніндегі істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің практикалық дағдыларын үйрену.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; жол-көлік оқиғалары жөніндегі істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

6 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, есірткі заттар, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексерудің практикалық дағдыларын үйрену (жекеменшік тұрғын үй, мемлекеттік мекеме, көлік құралдары, егістіктер, аула маңындағы жер телімдері және тағы басқалар).

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар қарап-тексерудің міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; есірткі заттар, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымымен байланысты істер бойынша оқиға болған жерді қарап-тексеруді (жекеменшік тұрғын үй, мемлекеттік мекеме, көлік құралдары, егістіктер, аула маңындағы жер телімдері және тағы басқалар) ұйымдастыру және жүргізу тәртібін меңгерулері тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

3 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу

1 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Іздерді алдын ала зерттеудің әдістері және олардың нәтижелерін қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолдану бойынша теориялық білімдер алу: алдын ала зерттеудің объектілері; алдын ала зерттеудің әдістері мен құралдары; алдын ала зерттеудің әдістемесі; іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу процесінде алынған нәтижелерді рәсімдеу.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар іздерді алдын ала зерттеудің әдістемелерін және алынған ақпаратты қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолданудың негізгі теориялық ережелерін зерделеуі тиіс.

2 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Іздерді алдын ала зерттеудің әдістері және олардың нәтижелерін қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолдану бойынша теориялық білімдер алу: дактилоскопиялық және трасологиялық іздерді алдын ала зерттеу; киімнің, аяқкиімнің, сындыру құралдарының іздерін алдын ала зерттеу.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар іздерді алдын ала зерттеудің әдістемелерін және алынған ақпаратты қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолданудың негізгі теориялық ережелерін зерделеуі тиіс.

3 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Іздерді алдын ала зерттеудің әдістері және олардың нәтижелерін қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолдану бойынша теориялық білімдер алу: шығу тегі биологиялық іздер мен микрообъектілерді алдын ала зерттеу; құжаттар мен ақша белгілерін алдын ала зерттеу.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар іздерді алдын ала зерттеудің әдістемелерін және алынған ақпаратты қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолданудың негізгі теориялық ережелерін зерделеуі тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

4 тақырып. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы

1 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы, тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеу бойынша теориялық білімдер алу: тінтудің дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері; тінтудің жұмыс және қорытынды кезеңдерінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеуі, сонымен қатар осы тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеудің практикалық іскерліктерін үйренуі тиіс.

2 - КООЖ (1 сағат)

Тапсырма

Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы, тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеу бойынша теориялық білімдер алу: тергеу экспериментінің түрлері мен міндеттері; тергеу экспериментінің дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері;

тергеу экспериментінің жұмыс кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері; тергеу экспериментінің қорытынды кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеуі, сонымен қатар осы тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеудің практикалық іскерліктерін үйренуі тиіс.

3 - КОӨЖ (1 сағат)

Тапсырма

Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы, тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеу бойынша теориялық білімдер алу: айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі мен міндеттері; айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың дайындық кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері; айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың жұмыс кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері; айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың қорытынды кезеңінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеуі, сонымен қатар осы тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеудің практикалық іскерліктерін үйренуі тиіс.

4 - КОӨЖ (1 сағат)

Тапсырма

Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы, тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеу бойынша теориялық білімдер алу: тану үшін көрсету кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері; тану үшін көрсетудің барысы мен нәтижелерін бекітудің ерекшеліктері; тану үшін көрсетудің барысын бекіту кезінде қолданылатын техникалық құралдар мен тәсілдер.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар тергеу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастыру және өткізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеуі, сонымен қатар осы тергеу әрекеттерін техникалық сүйемелдеудің практикалық іскерліктерін үйренуі тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

5 тақырып. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуы

1 - КОӨЖ (1 сағат)

Тапсырма

Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алуды ұйымдастыру және жүргізу бойынша теориялық білімдер алу.

Сабақ практикалық сабақ элементтері арқылы ұжымдық-топтық кеңес нысанында өткізіледі.

Курсанттар салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алуды ұйымдастыру және жүргізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеуі, сонымен қатар осы тергеу әрекетін техникалық сүйемелдеудің практикалық іскерліктерін үйренуі тиіс.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

Курсанттардың өзіндік жұмысы

1 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық, ұйымдастырушылық және тактикалық негіздері (3 сағат)

Курсант өзіндік дайындық барысында келесілерді зерделеуі тиіс:

Мақсат: Маман қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы теориялық білім алу.

Міндеттер: Тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы негізгі ережелерді зерделеу.

Өз бетімен келесі сұрақтарды зерделеу қажет:

Арнайы білімдердің түсінігі мен мәні. Қылмыстық-процестік заңнамада білгір тұлғалардың білімін қолдануды реттеу. Арнайы білімдерді қолдану нысандары. Тергеу және басқа да процессуалдық әрекеттерді жүргізу кезінде арнайы білімдерді қолданудың мақсаттары. Маманның тергеу әрекеттерін жүргізу барысына қатысуының ұйымдастырушылық аспектілері. Маманның құқықтары мен міндеттері. Маман мен тергеушінің өзара әрекеттесу принциптері. Маманның жедел-тергеу тобының жұмысына қатысуы.

Конспектілеу қажет: Маман-криминалистің тергеу әрекеттеріне қатысуы. – Санкт-Петербург, 2003. – 208 б. (Дәрістердің электрондық ресурсы) 7-14 беттер.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

2 тақырып. Қарап-тексеруді жүргізуге маманның қатысуы (18 сағат)

Курсант өзіндік дайындық барысында келесілерді зерделеуі тиіс:

Мақсат: Қарап-тексерудің түсінігі, міндеттері мен мазмұны, оның кезеңдері (сатылары); түрлері; ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы теориялық білімдер алу.

Міндеттер: Қарап-тексерудің негізгі теориялық ережелерін зерделеу, оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізудің практикалық іскерлігіне дағдыландыру.

Өз бетімен келесі сұрақтарды зерделеу қажет:

Оқиға болған жерді қарап-тексеру. Жергілікті жерді қарап-тексеру. Бөлмені қарап-тексеру. Оқиға орны болып табылмайтын тұрғын жайлар мен басқа да заңды иеліктегі жерлерді қарап-тексеру. Заттар мен құжаттарды қарап-тексеру. Жануарлар мен олардың мәйіттерін қарап-тексеру. Куәландыру.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезіндегі маман қызметінің міндеттері мен кезеңдері.

Қарап-тексерудің дайындық кезеңі: тергеушінің оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдаған сәтінен бастап, оны бастағанға дейін; техникалық құралдарды дайындау. Жұмыс кезеңі: Жалпы және егжей-тегжейлі қарап-тексеру; қарап-тексеру объектісін зерделеу, олардың жекелеуші белгілерін анықтау бойынша тергеушіге көмек көрсету; қарап-тексеру объектісінің тергеп-тексеріліп отырған оқиғаға қатысы барлығын анықтау. Қорытынды кезең: Тергеу әрекетінің барысы мен нәтижелерін бекіту. Фотоға түсірудің ерекшеліктері: түсірудің әдістері мен тәсілдерін таңдау; фототүсірілімдер мен фотокестені ресімдеуге қойылатын талаптар. Бейнежазбаның ерекшеліктері: бейнежазба жүргізудің тәртібі, бейнежазбаның әдістері мен тәсілдері.

Конспектілеу қажет: Маман-криминалистің тергеу әрекеттеріне қатысуы. – Санкт-Петербург, 2003. – 208 б. (Дәрістердің электрондық ресурсы) 14-15, 26-32 беттер.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

3 тақырып. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іздер мен объектілерді алдын ала зерттеу

(9 сағат)

Курсант өзіндік дайындық барысында келесілерді зерделеуі тиіс:

Мақсат: Іздерді алдын ала зерттеу әдістері және олардың нәтижелерін қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолдану туралы теориялық білімдер алу.

Міндеттер: Іздерді алдын ала зерттеу әдісі мен алынған ақпаратты қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде қолданудың негізгі теориялық ережелерін зерделеу.

Өз бетімен келесі сұрақтарды зерделеу қажет:

Тергеу әрекетін жүргізу кезінде іздерді алдын ала зерттеудің түсінігі мен мақсаттары. Алдын ала зерттеудің кезеңдері мен әдістері және олардың нәтижелерін ресімдеу тәртібі. Қылмысты жасаған тұлғаның белгілері мен тергеп-тексеріліп отырған оқиғаның мән-жайларын анықтау үшін материалдық іздерді алдын ала зерттеу нәтижелерін қолдану.

Конспектілеу қажет: Маман-криминалистің тергеу әрекеттеріне қатысуы. – Санкт-Петербург, 2003. – 208 б. (Дәрістердің электрондық ресурсы) 36-113 беттер.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

4 тақырып. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысына маманның қатысуы

(12 сағат)

Курсант өзіндік дайындық барысында келесілерді зерделеуі тиіс:

Мақсат: тергеу әрекеттерін жүргізу, оларды техникалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша теориялық білімдер алу.

Міндеттер: тергеу әрекеттерін жүргізу, оларды техникалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеу.

Өз бетімен келесі сұрақтарды зерделеу қажет:

Тергеу әрекеттің түсінігі, мәні, міндеттері мен түрлері. Маманды жүргізілетін тергеу әрекетіне дайындау; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тергеушіге көмек көрсету; тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін бекіту.

Конспектілеу қажет: Маман-криминалистің тергеу әрекеттеріне қатысуы. – Санкт-Петербург, 2003. – 208 б. (Дәрістердің электрондық ресурсы) 22-36 беттер.

7-14 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

5 тақырып. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу барысына маманның қатысуы

(3 сағат)

Курсант өзіндік дайындық барысында келесілерді зерделеуі тиіс:

Мақсат: салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алуды ұйымдастыру және жүргізу бойынша теориялық білімдер алу.

Міндеттер: салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алуды ұйымдастыру және жүргізу бойынша негізгі теориялық ережелерді зерделеу, осы тергеу әрекетін техникалық сүйемелдеу бойынша практикалық іскерлікке дағдыландыру.

Өз бетімен келесі сұрақтарды зерделеу қажет:

Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілердің түсінігі, мәні және түрлері. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу бойынша маманның іс-әрекеті.

Конспектілеу қажет: Маман-криминалистің тергеу әрекеттеріне қатысуы. – Санкт-Петербург, 2003. – 208 б. (Дәрістердің электрондық ресурсы) 18-22 беттер.

7-17 тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: (3.7 бөлімді қараңыз).

2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Пәнді оқытудың негізіне келесідей жалпы методологиялық принциптер жатқызылған:

Теория мен практиканың бірігу принципі маман-криминалистерді теориялық, практикалық және арнайы даярлау ережелерінің өзара байланысын

айқындайды. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында арнайы білімдерді қолдануды зерделеу кезінде орын алатын заңдылықтар мен процестерді ғылыми тұрғыда түсіну – ПО-да маман қызметі тиімділігінің негізіне жатқызылады.

Пәнді табысты түрде ойдағыдай меңгеру фундаментальдық теориялық негізден бастап нақты бір объектілерді зерттеу дағдыларын үйренуге дейін осы білімдерді практикалық тұрғыда қолдана білу схемасы бойынша құрылады.

Бұл жағдайда, теориялық даярлық – негізінде мазмұндары бойынша сәйкес келетін арнайы білімдер мен практикалық дағдылардың негізіне жататын ғылыми базис болып табылады.

Оқу ақпараттарын оптимизациялау принципі курсанттардың психофизиологиялық мүмкіндіктері және оқытудың рационалдық мерзімдеріне сәйкес оқу ақпаратын уақытқа бөлуге мүмкіндік береді. Осы критерийлердің көмегі арқылы пән тарауларын оқытуды және оқу сабақтарының нақты түрлерін, яғни дәріс және практикалық сабақтарды, сондай-ақ курсанттардың өзіндік жұмысын жүргізуді зерделеуге бөлінетін нақты тиімді уақыт анықталады.

Пәнді оқытудың негізіне мамандарды даярлаудың жүйелілік және тізбектіліктілігі; курсанттардың оқудағы саналылық, белсенділік және дербестік принциптері; ұжымда жеке іздеуді оқу жұмысымен біріктіру, ойлау абстрактілігінің оқыту көрнектілігімен үйлесуі, ғылыми білімнің шынайылығы; оқытудың мазмұны мен оны ұйымдастыру айқындалатын тәрбиелеу принципі, қылмыстарды ескерту және ашу бойынша міндеттерді шешуге қабілетті маманның моральдық бейнесін қамтамасыз ететін талаптар жатқызылған.

Пәнді оқытудың міндеттері.

Ішкі істер органдарындағы жедел-криминалистикалық бөліністерінің жұмысына талдау жүргізу ПО маман-криминалистерін кәсіби даярлаудың көбінесе тергеу әрекеттерін жүргізу барысында арнайы білімдерді қолдануға және осы білімдерді қылмыстарды ескерту, ашу және тергеп-тексерумен байланысты міндеттерді шешу кезінде қолдануға тікелей байланысты екендігін растап отыр.

Оқыту міндеттері – курсанттан жоғары кәсіби маман даярлаудан тұрады. Яғни ол өзінің терең теориялық білімі мен практикалық дағдыларын пайдалана отырып, арнайы білімін қолдану арқылы тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде дәлелдемелер алу бойынша міндеттерді шешуге қабілетті болуы тиіс.

Тәрбиелік міндеттер: курсанттың бойында келесілердің болуына ықпал етеді:

- Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде заңдылық принциптерінің, әлеуметтік әділеттілік пен рухани тазалықтың мағынасын терең түсіне білу.
- Қылмыстардың жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру практикасы үшін криминалистикалық білімдердің, әдістер мен құралдардың рөлін түсіне білу.
- әрбір курсанттың біліктілікті арттыру және өз бетімен білім алу арқылы өзінің кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсіне білуі.

Оқытудың мақсатты бағыты.

Маман-криминалисті кәсіби даярлаудың ерекшелігі ретінде өз білімін ұдайы толықтырып және жаңартып отыру қажеттілігі табылады.

Күнделікті жұмыста тергеу әрекеттеріне қатыса отырып маманда әрқашан да іздеу элементі, ғылыми-зерттеу қызметінің элементтері болады. Сондықтан да курсанттың – болашақ маман-криминалистің бойына зерттеу дағдыларын, сондай-ақ ойлай білуді сіңіру қажет.

Маман-криминалист тергеу әрекеттеріне қатыса отырып практикалық міндеттерді шешу кезінде өз бетімен және творчестволық тұрғыда өз білімін қолдана білуі тиіс.

Пәнді оқыту практикалық дайындық арқылы органикалық бірігу бойынша жүзеге асырылады, яғни мұнда курсанттар зерттеу жүргізу және криминалистикалық практиканы зерделеу арқылы өздерінің криминалистика саласында алған білімдерін өз бетінше қолданады.

Осыған байланысты пәнді оқытудың негізгі мақсаты болып теориялық білім беру, практикалық іскерліктер мен дағдыларға баулу табылады және бұл өз жиынтығында құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби даярлауды құрайды.

Практикада білімді және түсіне білуді қолдану келесілерді білдіреді:

- Оқу процесінде алынған теориялық білімдерді кәсіби қызметке трансформациялау. Негізгі техника-криминалистикалық құралдарды дұрыс таңдау және қолдану білу.

- Пайымдаулар жасау, идеяларды бағалау және тұжырымдарды құрастыра білу қабілеттілігі.

- Криминалистиканың әртүрлі проблемалары бойынша ғалымдардың пікірлерін талдай білу қабілеттілігі және осының негізінде өз пікірін құра білу.

Коммуникативтік іскерлік:

Ақпаратты, идеяларды, криминалистиканың проблемаларын хабарлай білу және көрнекті ұсына білу іскерлігі мен оларды аудитория ерекшелігін ескере отырып әртүрлі нысандарда шешу.

Оқу қабілеттілігі: Әрбір курсанттың біліктілікті арттыру және өз бетімен білім алу арқылы өзінің кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсіне білуі.

Дағдылар: қажеттілігі ойлау қызметінің нәтижелерінен шығатын практикалық жаттығулардың, бірнеше мәрте қайталанатын іс-әрекеттердің нәтижесі.

Іскерлік – адамның орындаушылық қызметінің нәтижесі. Бұл оның өз кәсіби функцияларын орындау бойынша дайындығының дәрежесі.

Білім алу, іскерлік пен дағдыларды меңгеру – бұл оқу жұмысының барлық нысандары қолданылатын біріккен процесс. Іскерлік пен дағдылар практикалық қызметтің жеке тәжірибесінің нәтижесі ретінде курсанттан алдына қойылған міндеттерді өз бетімен практикалық шешуді талап етеді. Бұл міндеттердің ойдағыдай дамуы көбінесе «Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» курсының оқытуды ұйымдастыруға, оқытудың әдістеріне, тәсілдері мен құралдарына байланысты.

2.11. Практикалық жұмыстарды, бақылау жұмыстарын және тағы басқаларды орындау бойынша нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдар

Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы бойынша теориялық білімді бекіту, практикалық іскерлік пен дағдыларды меңгеру мақсатында практикалық сабақтар жүргізіледі (оқу-әдістемелік аудиторияларда).

Практикалық сабақтарды жүргізу барысында оқытушының шешімі бойынша әртүрлі нысандар (топтық жаттығулар, есептерді шешу, зерттеу нәтижелерін талдау) қолданыла алады. Сабақ өткізу барысында курсанттар әртүрлі зерттеу әдістері мен техникалық құралдарды (лупалар, микроскоптар, жарықсүзгілер жиынтығы және басқалар) қолданады.

Тапсырмаларды орындау кезінде курсанттар ақпараттық парақтарды, зерттеулік әдістемелерді, анықтамалық материалдарды, маман қорытындысының үлгілерін қолданады.

Практикалық сабаққа дайындық кезінде курсанттар сол бойынша ұсынылатын әдебиетті зерделеуі, ал сабақ басталар алдында кабинет бастығынан қажетті техникалық және басқа да құралдарды, өлшеу аспаптарын алулары тиіс.

«Тергеу әрекеттеріне маманның қатысуы» оқу пәнінің маңызды проблемаларын білу - тесттерді қолдану арқылы тестілеу жүргізу барысында тексеріледі.

Барлық түсініксіз, кереғар, проблемалық сұрақтар бойынша кафедра оқытушысынан кеңестер алуға болады.

2.12. Өзін өзі бақылауға арналған тест тапсырмалары

1 тақырып бойынша

1. Арнайы білімнің толық түсінігін көрсетіңіз

бұл сот әділдігін жүзеге асыру кезінде пайда болатын сұрақтарды шешу үшін қолданылатын ғылым, техника, өнер немесе қолөнердегі белгілі бір білім.

бұл сот әділдігін жүзеге асыру кезінде пайда болатын сұрақтарды шешу үшін қолданылатын ғылым, техника, өнер немесе қолөнердегі (процестік және материалдық құқық саласын қоспағанда) әрқилы білім.

бұл сот әділдігін жүзеге асыру кезінде пайда болатын сұрақтарды шешу үшін қолданылатын әрқилы білім.

бұл сот әділдігін жүзеге асыру кезінде пайда болатын міндеттерді шешу үшін қолданылатын ғылымдағы, қолөнердегі (процестік және материалдық құқық саласын қоспағанда) әрқилы білім.

2. «Іскерлік» терминінің толық түсінігін таңдаңыз

бұл адамның жаңа, экстремальдық жағдайларда жұмысты тиімді, тез және сапалы орындау қабілеті.

бұл адамның кәсіби қасиеттерінің жиынтығы

бұл адамның қандай да бір жұмысты орындау мүмкіндігі

бұл адамның өзіне танымал жағдайларда жұмысты тиімді, тез және сапалы орындау қабілеті.

3. Сот құрылысында қандай арнайы білімдер қолданыла алады?

солардың көмегі арқылы әртүрлі дәлелдемелер анықталатын білімдер. әдетте, олар сарапшының алдына қойылған сұрақтарды шешу үшін әрқилы ғылымдар саласындағы білімдер қолданылған кезде сараптама нысанында жүзеге асырылады.

дәлелдемелерді анықтау, қылмыстың жасалуына ықпал етуші себептер мен жағдайларды айқындау кезінде көмекші мәні бар білімдер.

әртүрлі анықтамалардан, арнайы әдебиеттен алынған анықтамалық ақпарат бар білімдер.

дәлелдемелерді табу, жинау және бағалау бойынша қолдағы бар және жаңа ғылыми-техникалық құралдарды құру үшін негіз болатын білімдер.

барлық жауаптар дұрыс.

4. Тергеушінің сараптама-криминалистикалық бөліністермен өзара әрекеттесуінің негізгі міндеттері

Барлық жауаптар дұрыс.

қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру, қылмыскерлерді іздеу бойынша бірлескен қызмет;

заңда көзделген тәртіп бойынша құқық бұзушылық жасағандарды жауапкершілікке тарту және олар келтірген материалдық шығынды өтеу;

қылмыстардың жолын кесу немесе оларды болдырмау бойынша шаралар қабылдау.

5. Маманның міндеттері қандай бапта көзделген?

ҚР АҚ 123 бабы

ҚР ҚПК 80 бабы

ҚР ҚПК 222 бабы

ҚР ҚПК 62 бабы

6. Маман – терминінің толық анықтамасын таңдаңыз

тергеу және басқа да процестік әрекеттерді жүргізу барысына қатысу және көмектесу үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган шақыртқан ғылым, техника, өнер, қолөнер және басқа да қызмет салаларында арнайы білімі бар қылмыстық іс бойынша мүдделі тұлға

тергеу және басқа да процестік әрекеттерді жүргізу барысына қатысу және көмектесу үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган шақыртқан ғылым, техника, өнер, қолөнер және басқа да қызмет салаларында арнайы білімі бар қылмыстық іс бойынша мүдделі емес тұлға

тергеу және басқа да процестік әрекеттерді жүргізу барысына қатысу және көмектесу үшін куәгер шақыртқан ғылым, техника, өнер, қолөнер және

басқа да қызмет салаларында арнайы білімі бар қылмыстық іс бойынша мүдделі емес тұлға

сараптама, жауап алу және тағы сол сияқтыларды жүргізу барысына қатысу және көмектесу үшін қылмыстық процесті жүргізуші орган шақыртқан шақыртқан ғылым, техника, өнер, қолөнер және басқа да қызмет салаларында арнайы білімі бар қылмыстық іс бойынша мүдделі емес тұлға

7. Маманның сарапшыдан басты ерекшелігі неде?

сараптама жүргізбейді

ОБЖҚТ қатыспайды

дәлелдемелік күші бар жазбаша қорытындылар бермейді

қылмыстық процесті жүргізуші органға көмек көрсетпейді

8. Қылмыстық процестік заңда көзделген өзара әрекеттесу нысандарын таңдаңыз

а) сот сараптамалары; б) тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге дайындық және өткізу кезінде мамандардың көмектесуі; в) ревизиялар.

а) техникалық және басқа тексерулер; б) білгір тұлғалардың кеңестік-анықтамалық қызметі; в) тергеушілер мен судьялардың арнайы білімді қолдануы;

а) техникалық және басқа тексерулер; б) білгір тұлғалардың кеңестік-анықтамалық қызметі; в) тергеу және сот әрекеттерін жүргізуге дайындық және өткізу кезінде мамандардың көмектесуі;

а) қарап-тексеру; б) ревизия; в) бейнетүсіру.

9. Дәлелдемелік ақпараттың қайнар көзі болып табылатын тексеру актілері (хаттамалары) қайда сақталады?

мұрағатқа беріледі

режимдік-құпия қызмет бөліміне өткізіледі

қылмыстық іске тіркеледі

заңда көзделген тәртіп бойынша жойылады

10. Білгір тұлғалардың кеңестері қандай құжатпен рәсімделеді?

ауызша арыз хаттамасымен

бөлім бастығының атына баяндама хатпен

барлық жауаптар дұрыс емес

білгір тұлғалардың кеңестерін тіркеуга арналған актімен

2 тақырып бойынша

1. Маман-криминалист ОБЖҚТ хаттамасына қандай өтініштер жасай алады?

дәлелдемелерді табу, бекіту және алумен байланысты.

іс бойынша куәларды анықтаумен байланысты.

есірткі заттарды бекіту және алумен байланысты.

барлық жауаптар дұрыс.

2. Тергеу әрекеті барысында алынған заттай дәлелдемелер қайда жолданады?

режимдік-құпия қызмет бөліміне
мағлұматтар банкіне
сараптамаға
сақтау үшін тергеушінің кабинетіне

3. Маманға қойылатын негізгі талап:
қылмыстық іс бойынша мүдделі болу
қылмыстық іс бойынша мүдделі болмау және құзырлылық
барлық жауаптар дұрыс
СКБ бастығынан жолдама

4. Маманның құзырлылығы бойынша кім жауапты болып табылады?
жедел кезекші
ПР бастығы
АІБ бастығы
СКБ жетекшісі

5. Тексеру үшін қарудан ату қай жерде жүргізіледі?
көшеде, ыңғайлы жерде
арнайы жабдықталған орында
дыбыстан изоляцияланған бөлмеде
сарапшының кабинетінде

6. Химиялық реактивтер қайда сақталады?
сарапшының сейфінде
зертханада
кезекші қызметте
химиялық реактивтерді сақтауға тыйым салынған

7. Мәйіттен құрттар қандай мақсатта алынады?
зоологиялық сараптама жүргізу үшін
энтомологиялық сараптама жүргізу үшін
химиялық сараптама жүргізу үшін
құрттар алынбайды

8. Мәйітті дактилоскопиялау қашан жүргізіледі?
оқиға орнында
мәйітханада
оқиға орнында немесе мәйітханада
мәйітті дактилоскопиялау жүргізілмейді

9. Егер мәйітті оның табылған жерінде қарап-тексеру мүмкін болмаса, онда:

мәйітханада сою барысында қарап-тексеріледі
мәйітханада сойғаннан кейін қарап-тексеріледі
мәйітханада сойғанға дейін қарап-тексеріледі
қарап-тексеру туыстарының қалауы бойынша жүргізіледі.

10. Автомобильдік жарақат деп нені айтады?
қозғалып бара жатқан автомобильдің бөліктерінен немесе тұрған машинадан құлау кезіндегі жол-көлік оқиғалары процесінде келтірілген механикалық дене жарақаттары
механикалық дене жарақаттары
ЖКО кезіндегі жарақаттар
қозғалып бара жатқан автомобильдің бөліктерінен немесе жүріп келе жатқан машинадан құлау кезіндегі жол-көлік оқиғалары процесінде келтірілген механикалық дене жарақаттары

3 тақырып бойынша

1. Алдын ала тергеу неше сатыдан тұрады?
2
3
4
6
2. Аралық тұжырымдар қай сатыда құрастырылады?
талдаулық
салыстырмалы
қорытынды
талдаушы
3. Қабылданған өлшем бірліктерінде көлемнің сандық мәнін табу мақсатында өлшем аспаптарының көмегімен жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы
өлшеу
бақылау
салыстыру
эксперимент
4. Іздерді алдын ала зерттеу қандай құжатта бекітіледі?
ОБЖҚТ хаттамасы
сұлба (схема)
жоспар
барлық жауаптар дұрыс

5. Маман-криминалист алдын ала зерттеу нәтижелерін қанша уақыт ішінде рәсімдейді?

кезекші тәулікте

келесі күні

12 тәулікте

3 тәулік

6. Алдын ала зерттеу нәтижелері туралы анықтама қалай толтырылады?

ОБҚТ хаттамасын қоса беру арқылы баянатпен

жоспар-сұлбамен

еркін нысанда

толтырылмайды

7. Пайда болу механизміне байланысты зақымдар келесідей бөлінеді:

- механикалық; – термиялық; – химиялық

- тесіп өткен; – теспеген; – аралас

- үзілген; – кесілген; – түйрелген; түйреп-кесілген; - шабылған

- тесіп өткен; теспеген; тілінген; - түйрелген.

8. Түйрелген зақымдардың формалары қандай болады?

сызықтық

жыртылған

дөңгеленген

қиғаш

9. Адамның табаны мен бойының ара салмағы қандай?

1/4

1/8

1/7

1/5

10. Бұрғылау ізінде бұрғының диаметрі қалай анықталады?

тереңдігі өлшенеді

тесіктің сыртқы өлшемі өлшенеді

тесіктің диаметрі өлшенеді

дұрыс жауабы жоқ.

4 тақырып бойынша

1. Егер де қандай да бір орында немесе адамда қылмыс құралдары, қылмыстық іс бойынша маңызы бар заттар, құжаттар мен құндылықтар болуы мүмкін бөлмелерді, ғимараттарды, жер телімдерін, киімдерді және жеке

тұлғалардың денесін мәжбүрлі түрде тексеру бойынша жүргізілетін тергеу әрекеті:

алу
тінту
оқиға болған жерді қарап-тексеру
жауап алу

2. Тінту бойынша бірінші дайындық кезеңі немен аяқталады?
қаулы шығарумен
басшыға баяндаумен
тінту жүргізу туралы қаулы шығарумен және прокурордан санкция алумен
ТӘ жүргізу туралы шешім шығарумен

3. Тінтуді қайдан бастаған дұрыс?
айырмашылығы жоқ
көпшілік пайдаланатын орынды қарап-тексеруден басталады
ұйықтау бөлмелерін қарап-тексеруден басталады
шатырды қарап-тексеруден басталады

4. Тінту шекарасынан шығып кеткісі келетін тұлғаларға қатысты не қолданылады?
оларды ешкім ұстамайды
кері қарай шығарылмайды, оларға бір-бірлерімен және тінтілуші адамен сөйлесугетыйым салынады.
тергеушіге кеңестер береді
дұрыс жауабы жоқ

5. Алу не үшін жүргізіледі?
дәлелдеме іздеу үшін
іс бойынша маңызы бар белгілі бір нәрселер мен құжаттарды, егер де олардың тұрған орны мен нақты кімде екені белгілі болған жағдайда нақты бір адамнан алу үшін жүргізіледі
ахуалмен таныстыру үшін
іске қатысы бар нәрселерді алу үшін

6. Алу қанша кезеңнен тұрады?

2
3
4
1

7. Алу кезінде міндетті түрде кім қатысуы тиіс?
куәгерлер

иегері
КПБ бастығы
жедел уәкіл

8. Жеке тінту жүргізуге негіз болып келесілер табылады?
бастықтың бұйрығы
бөлініс бастығының атына баянат
тергеушінің қаулысы
санкция

9. Тінтудің барысы мен нәтижелерін бекітудің негізгі әдісі болып не табылады?
бейнежазба
сұлба
хаттама толтыру
конспектілеу

10. Тергеу әрекетінің шекарасын анықтауға кім көмектеседі?
тергеуші
маман
учаскелік инспектор
барлық жауаптар дұрыс

11. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың мақсаты:
бұл жай формальдылық
ақпаратты меңгеру үшін
қылмыстық іс бойынша маңызы бар жаңа мән-жайларды анықтау үшін
стратегиялық міндеттерді шешу үшін

12. Тергеу экспериментінің негізгі принципі:
алынатын нәтижелер 50%-дан асуы тиіс
практикалық әрекеттің бірнеше дүркін жасалуы
алынатын нәтижелердің тұрақтылығы
барлық жауаптар дұрыс

13. Тергеуші басқа маманды қатыстыруға құқылы ма?
иә
жоқ
қатысушылармен келісу бойынша
АІБ бастығының рұқсатымен

5 тақырып бойынша

1. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін үлгілер – бұл:

басқа объектілердің (субъектілердің) белгілерін, сапасын және қасиеттерін айқындайтын немесе өздерінің жеке белгілері, сапасы мен қасиеттері бар шығу тегі белгілі материалдық объектілер.

зерттеулер жүргізу үшін заңда көзделген тәртіппен сот зерттеуінің субъектілері дәлелдеме ретінде алған басқа объектілердің (субъектілердің) белгілерін, сапасын және қасиеттерін айқындайтын немесе өздерінің жеке белгілері, сапасы мен қасиеттері бар шығу тегі белгілі материалдық объектілер.

АПК талаптарына сәйкес алынған басқа объектілердің (субъектілердің) белгілерін, сапасын және қасиеттерін айқындайтын немесе өздерінің жеке белгілері, сапасы мен қасиеттері бар шығу тегі белгілі материалдық объектілер.

белгілері, сапасы және қасиеттерін айқындайтын шығу тегі белгісіз материалдық объектілер.

2. Биологиялық шығу тегіне байланысты үлгілер келесілерге бөлінеді:
химиялық және натуралдық
органикалық және органикалық емес
материалдық және материалдық емес
барлық жауаптар дұрыс

3. Үлгілерді алудың процестік тәртібіне және субъектісіне байланысты олар келесідей бола алады:

экспериментальдық
сот-тергеулік немесе сараптамалық
барлық жауаптар дұрыс емес
дәстүрлі

4. сот және тергеуші үшін алдын ала күші болмайтын дәлелдемелердің қайнар көздерінің бірі болып келесі табылады:

жауап алу хаттамасы
сарапшының қорытындысы
қорытынды
тұжырымдар

5. Тергеу әрекеті жүргізіліп жатқан жерде іздерді алдын ала зерттеу қалай реттеледі?

тергеушінің қаулысымен
ҚР ҚПК
реттелмейді
тергеушінің қаулысымен

6. Үлгілердің саны мен сапасын кім анықтайды?

маман
тергеуші
күдікті

айырмашылығы жоқ

7. Үлгілерді алу қажеттілігі туралы шешімді кім қабылдайды?

тергеуші

маман

ЖТТ жетекшісі

прокурор

8. Сарапшының қорытындысы қанша бөліктен тұрады?

2

3

5

6

9. Ғылыми негізделгендік – бұл:

тұжырымдар нұсқаларының негізділігі

қорытындының криминалистикалық идентификацияның жалпы ережелерінің теориясына сәйкес болуы

қорытындының криминалистикалық идентификация және криминалистикалық диагностиканың жалпы ережелерінің теориясына сәйкес болуы

барлық жауаптар дұрыс

Курсанттардың білімін бағалау критерийі:

Курсанттардың білімін бағалау оқу жыл ішінде ағымдағы бақылау, межелік бақылау, аралықтағы бақылау және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізу нәтижесінде болады.

Ағымдағы бақылау-бөлек сұрақтар мен тақырыптар бойынша оқып жатқандардың біліміне жүйелік бақылау, КӨЖ және КОӨЖ бойынша орындалатын тапсырмаларды бағалау, ауызша және тесттік сұрақтар түрінде КОӨЖ және тәжірибелік сабақ аясында жүзеге асырылады.

Межелік бақылау - тест сұрақтары түрінде өткізілетін бағдарлама бөлігінде аяқталған тақырыптар бойынша оқып жатқандардың біліміне тексеріс.

Межелік бақылауға ағымдағы бақылаудың барлық нысаны бойынша оң баға алғандар мен барлық тапсырмаларды алған қатысушылар кіргізіледі.

Тоқсандық рейтинг 60 пайызды құрайтын және ағымдағы мен рейтингтік бақылау сомасы бойынша белгіленеді.

Оқу жылында екі аттестация өткізіледі.

Қорытынды бақылау пән бойынша ауызша (билет) немесе тест түрінде өткізіледі. Қатысушы көп дегенде емтиханда 40 пайыз жинауы мүмкін.

Қорытынды баға пән бойынша тоқсандық рейтингтік балл және емтихан қатысушының алған балының сомасы бойынша қойылады.

«А», «А-» («үздік») – егер білім алушы бағдарламалық материалды терең және орнықты меңгеріп, оны жан-жақты, реттілікпен, сауатты және логикалық анық баяндаса, тапсырманың түрін өзгерту барысында жауап беруден мүдірмесе, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдарды білетінін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс негіздесе, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен әдістерін меңгерген болса, материалды қате жібермей, өз бетімен қорытындылай және жеткізе білсе.

«В+», «В», «В-», «С+» («жақсы») – егер білім алушы бағдарламалық материалды нақты білсе, оны сауатты және мәні бойынша баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі бұрмалаушылық жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсе және практикалық тапсырмаларды орындау барысында қажетті дағдыларды меңгерсе.

«С», «С-», «D+», «D» («қанағаттанарлық») – білім алушы тек негізгі материалды меңгеріп, жеткіліксіз дұрыс тұжырымдаса, бағдарламалық материалды баяндауда бірізділікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиындыққа тап болса.

«F» («қанағаттанарлықсыз») – егер білім алушы бағдарламалық материалдың елеулі бөлігін білмесе.

Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік әріптік жүйесі:

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

2.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары:

1. Криминалистикалық есепке алу түрлері.
2. Атыс қаруын қолдану іздері бойынша қандай іздеу ақпаратын алуға болады?
3. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде жүргізілетін фототүсірудің түрлері және сол бойынша қойылатын талаптар.

4. Сараптама тағайындау кезінде тергеушіге, анықтаушыға, судьяға маманның көрсететін көмегі.
5. Аяқкиімнің жөнделу және табанының жұқару белгілерін көрсетіңіз.
6. Тығындарды (пыж) және төсемдерді зерттеу барысында қандай іздеу ақпаратын алуға болады?
7. Жол-көлік оқиғасы болған жерде қандай іздер және қай жерде қалдырылады?
8. Дымқыл, салқындатылған немесе мұздатылған заттардан қол іздерін табу, бекіту және алу ерекшеліктері.
9. Эмальмен боялған қабаттардан, кафель плиткаларынан, линолеумнан латенттік аяқкиім іздерін табу, бекіту және алудың тәсілдері.
10. Пәтер ұрлықтарын ашуда маманның қатысуының ерекшеліктері.
11. Сусымалы материалдардан (ұн, үгінді, цемент) анықталған көлемді аяқкиім іздерін бекітудің, алудың тәсілдері.
12. Аңшы мылтығының патрондарын зерттеу барысында іздеу ақпаратын алу.
13. ОБЖ қарап-тексеру барысында маман-криминалистің әрекеті.
14. Атқан адамнан ату іздерін табу, бекіту және алу.
15. Иісті ақпаратты табу, алу және консервілеудің әдістемесі.
16. Сындыру құралының іздерін және қабат үстінен қабат алу іздерін табу, бекіту және алу.
17. Бейнежазбаны процестік рәсімдеу.
18. Тінту, алу жүргізуге маманның қатысуының ерекшеліктері.
19. Зерттеулерді зерделеу кезінде маманның тергеушіге, анықтаушыға, судьяға көмек көрсетуі.
20. Пәтер ұрлықтары болған жерде қандай іздер және қай жерде қалдырылады?
21. Пулядағы және гильзадағы іздер бойынша ойықты қарудың моделін, маркасын, үлгісін анықтау әдістері.
22. Маманның үлгілерді алуы, олардың түрлері мен процестік рәсімделуі.
23. Көлік құралдарының іздері бойынша қандай іздеу ақпаратын алуға болады?
24. Пластикалық материалдардан (пластилин, сары май, сабын) қол іздерін табу, бекіту және алудың ерекшеліктері.
25. Көлік құралдарын қарап-тексерудің ерекшеліктері.
26. Сындыру құралдары, аяқкиім табандары мен автокөлік құралдары шиналары протекторлары ізжиынтығын (следотека) жүргізуді ұйымдастыру және оны жүргізу тәртібі.
27. Мәйітті қарап-тексеру кезіндегі маманның іс-әрекеті.
28. Ішіне су толып қалған, топырақтағы және қардағы аяқкиімнің көлемді ізін бекіту және алу тәсілдері.
29. Жауап алу кезіне маманның қатысуының ерекшеліктері.

30. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылауды жүргізудің ерекшеліктері және оны өткізуде маманның рөлі.
31. Сындыру құралдарының іздері бойынша қандай іздеу ақпаратын алуға болады?
32. Оқиға болған жерді қарап-тексеруге арналған унифицияланған чеходан неге арналған және оның ішінде болуы тиіс нәрселер.
33. Тонау және қарақшылық болған жерді қарап-тексеру кезінде маманның іс-әрекеті.
34. Пәтер ұрлықтары бойынша қарап-тексеру кезінде маманның іс-әрекеті.
35. Адам өлтіру жасалған жердегі іздердің түрлері мен оларды табудың ерекшеліктері.
36. КПБ-де криминалистикалық есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу.
37. Көлік құралдарының іздері бойынша қандай іздеу ақпаратын алуға болады?
38. Қылмыскерлер айдап әкеткен және тасталған көлік құралдарында қандай іздер қалдырылады?
39. Фототүсіруді, фотосуреттер мен магниттік жазбаларды процестік рәсімдеудің тәртібі қандай?.
40. Эксперимент жүргізу барысында маманның қатысуының ерекшеліктері.
41. Сұйық заттарды – қылмыс іздерін табу, бекіту және алу.
42. ЖКО қатысы бар көлік құралында қандай іздер және қай жерінде қалдырылады?
43. Оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде табылған іздер мен объектілерді буып-түюдің тәртібі және сол бойынша қойылатын талаптар.
44. Табылған темекі тұқылы бойынша темекі шегуші адам туралы қандай ақпарат алуға болады?
45. ЖМЗ (ГСМ) және қанмен боялған қол іздерін бекіту және алудың ерекшеліктері.
46. Оқиға болған жерді қарап-тексерудің сұлбасына және іздердің сұлбалық бейнелеріне қойылатын талаптар.
47. Тану үшін көрсетудің түрлері және оны өткізуге дайындық және жүргізу кезінде маманның рөлі.
48. Ұрлықты жасағансуға нұсқайтын белгілер.
49. Іздерді (трасологиялық, дактилоскопиялық, баллистикалық және басқа да) табу, бекіту, алу және буып-түюдің тәртібі мен анықтау әдістері.
50. Оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізу кезінде маман үшін дайындық кезеңінің рөлі.
51. Тергеу әрекетін жүргізудің қорытынды кезеңінде маман-криминалистің рөлі.
52. Тергеу әрекеттеріне маман-криминалистің қатысуының тактикасы.

53. Тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестру шаралын жүргізу кезінде маманның құқықтары мен міндеттері.
54. Қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және ескерту бойынша маманның қатысуының нысандары.
55. Арнайы білімдердің түсінігі мен мәні.
56. Тергеу әрекеттерін жүргізу барысында арнайы білімдерді қолданудың мақсаттары.
57. Жедел-тергеу тобының жұмысына маманның қатысуы.
58. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында маман-криминалист шешетін негізгі міндеттер.
59. Оқиға болған жерде маманның техникалық қауіпсіздігі.
60. Оқиға болған жерді қарап-тексеру сатыларындағы маманның іс-әрекеті.
61. Өміріне, денсаулығына және жыныстық қол сұқпаушылығына араласумен байланысты оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
62. Меншігіне қол сұғушылықпен байланысты оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
63. Өртпен, жарылыспен байланысты оқиға болған жерді қарап-тексеру кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.
64. Зерттеу заты. Алдын ала зерттеу әдістері. Зерттеу объектілерінің түрлері.
65. Тергеу әрекеті жүргізілген жердегі іздерді алдын ала зерттеудің мақсаты және оның мүмкіндітері.
66. ЖКО қарап-тексеру кезінде маманның қатысуының ерекшеліктері.

2.14. Құрастырғандар:

Қылмыстарды ашу және тергеуді
техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасының профессоры

З.Ғ.К.

полиция полковнигі

А.Г.Еленюк